

Судьялардың тәуелсіздігі адамдардың құқы мен еркіндігін қамтамасыз етуші принциптердің бірі ретінде БҰҰ мен ЕҚЫҰ құжаттарында қабылданған. «Адам құқының жалпылама декларациясында» (1948 ж.) әділетті және ашық сот ісін *білікті, тәуелсіз және турашыл* соттар ғана жүргізуге құқықты екендігі туралы айтылған. Сонымен қатар, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 29 қараша мен 1985 жылғы 13 желтоқсан Қарарларында да тәуелсіз сот органдарының БҰҰ-ның VII Конгресінде қабылданған тәуелсіз соттарға да тікелей қатысы бар

Соттың тәуелсіздігі заң түрінде қолданыстағы заңнама жүйесінде жазылып, қорғалатын болуы тиіс және бұл принциптерден ауытқушылыққа сот өндірісінің барлық сатыларына қатаң жауапкершілік жүктелуі тиіс. Соттар мен мемлекеттік органдардың өзара қатынасы процедурасы әр буынына дейін жіктеліп, онда қазіргі орын алып отырған «телефондық құқық» дейтін құбылысты түбірімен жоятын механизм қалыптастырылуы және кім болмасын сот шешімдерін уақтылы жүзеге асырмағаны, не оны шалағай орындағаны үшін жауапкершілік жүктелуінің

мақсатын көздеген мемлекет мүддесіне бола шығарылмайтынына сенімді болуымыз керек. Одан әрмен қарай оған қалай қол жеткізуге болатыны туралы бірнеше ұсыныстар айтылады.

Біз болашақта сот жүйесін, соның ішінде ҚР Жоғарғы Сотын қоса алғанда және оның бірқатар өкілеттігін басқа сатыдағы соттарға беру арқылы, реформалау одан әрмен қарай жалғасады деген үміттеміз. Жоғарғы Сот өзінің үлгісі жағынан АҚШ-тың Жоғарғы Сотына жақындай түседі, сөйтіп, өзінің



Сот билігінің тәуелсіздігін нығайту қажет

Сот билігінің тәуелсіздігі қазіргі адамзат өркениетінің аса көрнекті негіздерінің бірі. Адам баласы осы уақытқа дейін кикілжіңдер мен келіспеушіліктерді шешудің бірден-бір тиімді жолы ретінде тәуелсіз құқық қорғау жүйесінен артық ешнәрсе ойлап таба алған жоқ.

қылмыстың алдын алу және заң бұзушылармен қарым-қатынас принциптері мақұлданған. Сондадағы, біздегі сот жүйесінде сот билігінің тәуелсіздігі қалыптасуын өз мағынасына сай аяқтау үшін, ең бастысы, оны іс жүзінде қолданысқа енгізу үшін әлі талай жұмыстар атқару қажет болып тұр. Себебі, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету көп деңгейлі, әрі, көп қырлы шараларды талап ететін іс болып табылады.

Соттар мен судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуде оның қаржылық-экономикалық негізі аса маңызды роль атқарады. Судьялар өз мәртебесіне сай жалақы алуы және әлеуметтік тұрғыдан жоғары деңгейде қорғалуы тиісті. Олар судьяларға жүктелетін кәсіби және психологиялық салмаққа, сонымен қатар судьялардың мамандығына сай кездесетін әлеуметтік мүдделердің қайшы келулері мен жанжалдардың бітпестігі секілді қауіп-қатерлерге баламалы болуы тиіс.

Судьялар ондай жағдайлармен күнделікті кездесіп отырады, ал кейде олар, тіпті, тағдырды шешушілер, немесе, жазалаушылар ролінде болатыны жасырын емес. Мүмін, барлық судьялар үшін жалақыны Жоғарғы Соттың төрағасының жалақысының пайыздық мөлшерінде тағайындау қажет болар. Бұл сот билігін жүйелі түрде қолдауға алып келер еді.

Шын мәнісінде тәуелсіз болу үшін Сот билігінің қол астында жаңа үлгідегі, техникалық жақсы жарақталған ғимараты мен кеңселері болуы тиіс. Бұлар соттың өз қызметін мағынасына сай атқаруға көмектесетін қосалқы құралдар саналады.

Сот тәуелсіздігі ел басшылығының саяси жігерімен, мемлекеттің құқықтық саясатымен, тиісті мемлекеттік органдардың бақылауымен жүзеге асатын қолдау мен қорғауға ие болуы тиіс. Бұл мәселеге Елбасы да талай рет назар аударған болатын.

Сот ісіне араласпауды соттың қоғам үшін ашық болуымен шатастырмау қажет. Сол үшін де сот қызметін қазіргі ақпараттық технологиялармен жарақтандыру аса маңызды. Ол азаматтық қоғамға және БАҚ үшін сот қызметінің ашықтығын қамтамасыз ете алады (соның ішінде: сайттарда сот шешімінің жариялануын да). Соттың тәуелсіздігі олардың қоғамға жасаған қызметі, әділеттілікті ұстануы, халыққа түсінікті әділ шешімдер қабылдауы арқылы анықталады және нығаяды.

жетілген жүйесі болуы тиіс.

Мүмкін, бізге де АҚШ-тағыдай сот органдарының іс жүргізудің кодекстердің қалыптасуына ашық қатысуын және олардың Парламент пен қоғамның көмегімен жетілдіріліп қамтамасыз етуші институционалды механизмдерді жасау қажет шығар.

Сот тәуелсіздігінің мамандандыру мәселесі жоғары және одан кейінгі құқықтық білімді жетілдіру жүйесіне, олардың сапасына, судьяларды таңдаудың және тағайындаудың механизміне, сот органдарындағы нақты адами ресурстарына, судьялар корпусын даярлаудың сапасы мен деңгейіне тікелей байланысты. Судьяларды таңдау мен тағайындау критерийлерінде адамгершілік ерекшеліктердің салмағы жоғары болуы аса маңызды. Қазіргідей сот жүйесінде кездесетін кәсіби білігі төмен, немесе моралдық критерийлері бойынша сәйкес келмейтін мамандар соттарды дискредитациялайды, оларға деген жағымсыз көзқарас қалыптас-тырады. Олар ешқашан беделді тәуелсіз сот билігін қалыптастыруға қызмет етпейді. Бізге құқықтық білім беруді жетілдіруді, судьяларды кәсіби біліктілігіне, адами қасиеттеріне және психологиялық тұрақтылығына қарай таңдаудың механизмдері мен тәжірибесін нығайтуды, қызметтегі судьялардың білімін үздіксіз көтеріп, біліктілігін арттыруды және олардың ретімен алмасып отыруын қамтамасыз ететін шаралар жүйесі қажет.

Судьялар құрамының жетілуімен бірге корпоративтік судьялар корпусының дамуы, ондағы этикалық тәрбие, жеке судьяларға қолданылған тәртіптік шаралардың әділдігінің және әсерінің ықпалы да артуы қажет

2011 жылдың басында «Әділет» Демократиялық партиясы «Әділеттілікке барар жол» атты жаңа саяси платформасын қабылдады. Бұл құжатта әділеттілікке жетудің маңызды жолы ретінде соттар мен судьялардың тәуелсіздігі қарастырылады. Мәселен, оның «Заң үстемділігіне әділетті соттар арқылы жету» атты бөлімінде мына мәселе мойындалады:

«Қазақстанның әрбір азаматы Заң алдында тең. Тек қана шын мәнісіндегі тәуелсіз сот жүйесі ғана азаматтардың Заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ете алады, олардың еркі мен құқы қорғалуының кепілі бола алады. Біз барлық деңгейдегі сот шешімдер шығару тек заңға сүйенетініне, шешімдер жекелеген адамдар мен ықпалды топтың немесе ыңғайлы жағына шығуды жетекшілікке алған өз

құрамы жағынан шағын болады да, өзінің толық құрамында барлық істерді қарай алады. Жаңа Жоғарғы Сот Конституцияға түсінікте-мелер берумен қатар, нормалық актілердің оған сәйкестігін де қарай алатын болады және де ең жоғарғы бақылаушы саты ретінде сот істерін қарайды.

Аймақтық деңгейлерде бес сот округтарын құру ұсынылған. Онда бірқатар сот істерінің категориялары бойынша бақылаушы және апелляциялық мәртебесі бар округтық соттарды құру мәселесі көтеріледі. Сот округтары қазіргі облыс шекараларымен сәйкес келуі міндетті емес, олар өзінің ықпалына бірнеше облыстарды қамти алатын болады. Округтық соттардың судьялары мен төрағаларын Жоғарғы Сот Кеңесі ұсынысымен еліміздің Парламенті Сенатында сайлау мүмкін болар еді.

Судьялардың кадрлар мәселесін шешуде маңызды роль атқаратын Жоғарғы Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру және оны демократияландыру мәселелері бойынша бірқатар тиімді шаралар қабылдау қажет. Оның құрамына Парламент Палаталарының өкілдерін, мемлекеттік органдардан бейтарап тұрған білікті заңгер ғалымдарды тартып, бұл органды Президенттің ұсынуымен Парламент Сенатында бекіту қажет.

Жоғарғы Сот Кеңесіне судьялар корпусын құру мәртебесін ғана емес, сонымен қатар, судьялар жүйесін жетілдіруді және тәртіп коллегиясының судьяларға қатысты шешімдері бойынша судьялардан түскен арыздарды қарауды тапсыру қажет.

Сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуде Соттың әкімшілік істерін жүргізу органының ролі ерекше. Қазір бізге Соттың әкімшілік істерін жүргізу Комитетін қалпына келтіру аса қажет пе деймін. Ондай жағдайда оны Жоғарғы Сот құзырынан шығарып, Жоғарғы Сот Кеңесінің басшылығымен бүкіл сот жүйесін кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүктей отырып, қоғам мен кәсіби заңгерлер көптеп тартылған мемлекеттік орган ретінде қалыптастыру қажет.

Барлық деңгейдегі судьялар, сот төрағаларымен қоса алғанда, тек сот ісін жүргізумен айналысуы тиіс. Сот төрағалары сот бастықтары ретінде қарап отырмауы қажет, олар іс жүзіндегі судьялар ретінде қалып, тек төрағалық өкілеттігі кезінде ғана «тең судьялардың біріншісі» болып қалуы тиіс. Судьялардың өзара ішкі субординациясы олардың тәуелсіздігіне нұсқан келтірмеуі тиіс.

Қоғамның баламасыз түрде одан әрі демократиялануы барысында судьялары сайланбалы принципі негізінде бірінші инстанциялық соттарды құруды бастау қажет. Бұл соттардың Төрағалары судьялармен бір-екі жылға сайлануы қажет.

Төменгі деңгейдегі сот жүйесін нығайтудың кезі де әлдеқашан келіп жеткен сияқты. Сондықтан аса күрделі емес және өткір әлеуметтік тербеліс туғызбайтын істерді қарайтын бітістіруші судьялар институтын (билер соты) құру да бүгінгі күннің өзекті талабы. Академик С.З.Зиманов «қазақтың билер соты әлемде теңдесі жоқ құбылыс» деп дұрыс атап көрсетеді. Шағын істерді қарайтын бюрократтанбаған бітімгершілік соты қоғамды адамгершілік тұрғыдан сауықтыруға және мемлекеттік соттың жұмысын біршама жеңілдетуге қызмет атқарар еді.

Судьялар корпусын кадрлық тұрғыда нығайтудың қосымша шараларын жасап, оны іске қосу қажет. Ол үшін, біздің ойымызша, судьялардың жас цензін аудандық соттар үшін 35 жас, ал жоғарғы соттар үшін 40 жасқа көтеру қажет пе дейміз.

Судьялар алдымен өмірлік тәжірибесі мол, уақыт тезінен сүрінбей өткен, өз ортасында адал да әділетті адам ретінде танылуы тиіс.

Әділетті және тәуелсіз сот жүйесінде қоғам мен жеке азаматтардың мүддесін қорғаушы адвокаттардың да маңызы ерекше. Бұрынғы тоталитарлық және посттоталитарлық қоғамда адвокаттың ролі жоққа теңеліп кеткен еді. Олардың ролі соттарға мемлекеттің мүддесін қорғап шығатын прокурорларға қарағанда салыстыруға да келмейтін. Ендігі жерде адвокатура объективті, әділетті және тәуелсіз сот ісінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналып, дамуы тиіс. Адвокаттардың мүмкіндіктері мен іске қатысу құқықтарын заң түрінде бекіте отырып, кеңейтуге тиістіміз. Адвокаттық мәртебе жоғары екендігіне, адвокаттық қызметтің маңызды екендігіне қоғамның көзін жеткізу қажет. Осының барлығы да сот билігінің тәуелсіздігіне қызмет ететін, оған тікелей қатысы бар мәселелер.

Біз аталған шараларды жүзеге асыру арқылы сот билігінің тәуелсіздігін нығайта түсуге ықпал ете аламыз деп ойлаймыз.

МАҚСҰТ НӘРІКБАЕВ,
заң ғылымының кандидаты,
ҚазГЗУ-нің президенті, «Әділет»
Демократиялық партиясының
төрағасы.